Материалдар мен әдістер. Интеллект термині алғашында ұлы ойшыл Платонның (Платон, 1986: 605) еңбегінде «ақыл» ретінде қолданылды. Ол интеллектіні адамның идеялар әлеміне кіру және оларды іске асыру механизмі деп сипаттады. Платон, Аристотель, Ж. Баласағұн, Әл-Фараби сынды философтар бұл терминді ақыл-ой, жақсы мінез, мәңгілік және белсенділікпен байланыстырды. Негізгі мағынасы – ізгілік пен позитивті эмоциялар. Жасанды интеллект адам өмірі мен қызметін түбегейлі өзгертумен қатар, заманауи білім берудің дамуына жаңа серпін берді. Өндірістік көзқарас тұрғысынан алғанда, «білім беру қуаты» – белгілі бір білім беру жүйесін бағалаудың маңызды көрсеткіші болып табылады. Жасанды интеллекттің дамуы адам мен машинаның үйлесімді ынтымақтастығын қалыптастырып, қазіргі заманның даму талаптарына сай келетін тиімді «білім беру қуатын» қамтамасыз етеді. Осыған орай, жасанды интеллект пен білім берудің интеграциясы білім беру жүйесінің дамуы үшін үлкен маңызға ие (Kun Yao, Hongchang Yang, 2020: 56).

Жасанды интеллект негіздерін оқытуда оқытушылардың кәсіби құзыреттілігі ерекше маңызды. Осыған байланысты, Г.И. Салғараева және авторлар тобы (Салғараева және т.б., 2020: 250) болашақ информатика мұғалімдерін ЖИ негіздеріне даярлаудың әдістемелік жүйесін ұсынған. Зерттеу аясында Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде эксперимент жүргізіліп, студенттер екі топқа бөлінді: бақылау тобы дәстүрлі әдіспен оқытылса, эксперименттік топ ЖИ құралдарын қолдана отырып, нақты практикалық тапсырмалар орындады (мысалы, валюта бағамын болжау үшін деректерді жинау мен регрессиялық талдау жүргізу). Эксперимент қорытындысында ЖИ технологияларын оқытуда қолдану студенттердің деректермен жұмыс істеу, талдау жасау және шешім қабылдау дағдыларын дамытып, олардың кәсіби

даярлығын едәуір арттырғаны анықталды. Еліміздегі мектептерде жасанды интеллект негіздерін оқытудың қажеттілігін қарастырып, қазіргі оқулықтарда бұл тақырыптардың жүйесіз және толық қамтылмағанын Ж.К. Нурбекова ғалымдар тобымен өз зерттеулерінде атап өтеді (Нурбекова және т.б, 2024: 38). Ғалымның айтуынша, оқушылар үшін жасанды интеллект қолданбалары қолжетімді болғанымен, оларды тиімді пайдалану үшін ЖИ негіздерін мектеп қабырғасынан бастап оқыту қажет. Алайда, ҚР БҒМ ұсынған түрлі бағыттағы (қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану-математикалық) информатика оқулықтарын салыстыру нәтижесінде, жасанды интеллект мазмұны мен жобалық тапсырмалардың берілуі бірізді еместігі, сондай-ақ кейбір маңызды тақырыптардың (мысалы, машиналық оқыту алгоритмдері, нейрондық желілерді жобалау, мәліметтерді интеллектуалдық талдау) жеткіліксіз қарастырылғаны анықталған. Автор информатика пәні оқулықтарындағы мазмұнды жүйелеу, жасанды интеллект негіздерін тереңдетіп оқыту және бұл бағыттағы зерттеулерді жалғастыру қажеттігін айрықша атап көрсетеді.

Әдістемелік жүйелер мен ресурстарды жетілдірудің маңыздылығын Беркимбаев К.М әріптесімен (Беркимбаев және т.б, 2022: 30) өз зертеуін талдай отырып атап өтті. Зерттеу жұмыстарының нәтижелері оқытушылардың цифрлық педагогика дағдыларын арттыру және заманауи білім беру технологияларын қолдану деңгейін жоғарылатудың маңыздылығын көрсетті. Авторлар мұғалімдердің білім беру жүйесінде цифрлық құралдарды тиімді пайдалануға дайындығын арттыру мақсатында ғылыми-әдістемелік жұмыстар жүргізуді ұсынды. Зерттеуде аралас оқыту, мобильді және жаппай ашық онлайн курстар, 3D модельдеу, виртуалды және аралас шындық технологиялары сияқты әдістерді енгізу, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздік пен цифрлық құқық саласындағы дағдыларды жетілдіру мәселелері талқыланды. Бұл шаралар білім берудегі цифрлық технологиялардың әлеуетін толық іске асыруға және заманауи талаптарға жауап беретін кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған.

Қарауылбаев С. және зерттеу тобы (Қарауылбаев және т.б, 2020: 99) жасанды интеллект пен нейрожелі технологияларын орта мектеп деңгейіндегі онлайн оқытуға енгізудің маңыздылығын атап өтті. Зерттеуде қазіргі платформалар мен бейнебайланыс құралдары (Zoom, Skype) мұғалім мен оқушылар арасында сапалы ауызша диалог құруға шектеу қоятыны талданған. Авторлар оқушылардың материалды түсінуін, жаттығулар орындауын және жауап беру деңгейін бақылауда жасанды интеллекттің рөлін ерекше көрсетеді. Нейрожелі технологиялары оқушылардың жауаптарына сәйкес бейімделетін стратегияларды қолдану арқылы қолдау көрсетуге, мотивациялауға және оқу үдерісін жетілдіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, АКТ және информатика пәндерінен бағдарламалау, 3D модельдеу, робототехниканы оқытуға арналған онлайн платформа құру қажеттілігі ұсынылған. Амангельдиев А.А және әріптестері (Амангельдиев және т.б, 2023: 167) жасанды интеллект мәселелеріне философиялық талдау жасады. Авторлар тобы жасанды интеллекттің

қоғамдағы рөлін, оның этикалық, философиялық және әлеуметтік аспектілерін талдап, ЖИ-нің дамуымен байланысты қауіптер мен мүмкіндіктерді зерттеді. Олар ЖИ-дің қаржы саласындағы, ақпараттық ортадағы, және моральдық мәселелердегі қолданылуын мысал ретінде келтіре отырып, тиімді және жауапкершілікпен қарым-қатынас қалыптастыру қажеттілігін атап өтеді. Автор гуманитарлық-компьютерлендірілген қоғамның қалыптасуын ұсынады, бұл ЖИ-нің әлеуметтік әділеттілікке бағытталуын маңызды деп есептейді.

А.Х. Давлетова, (Давлетова және т.б., 2025: 99) өз зерттеулерінде жасанды интеллектті білім беру жүйесіне енгізудің артықшылықтары мен ықтимал тәуекелдерін кешенді түрде талдайды. Авторлар ЖИ технологияларының оқытудың тиімділігін арттыруға, оқу процесін даралауға, сондай-ақ оқушылардың пәнге деген қызығушылығы мен танымдық белсенділігін дамытуға оң әсерін көрсеткен. Сонымен қатар, зерттеуде ЖИ қолдануда туындайтын этикалық және техникалық мәселелер, әсіресе дербес деректердің қауіпсіздігі мен цифрлық теңсіздікке байланысты қауіптер де қарастырылған. Бұл зерттеу нәтижелері білім беруде ЖИ технологияларын қолдану қажеттігін негіздеумен қатар, оны тиімді және қауіпсіз енгізуге арналған әдістемелік ұсынымдар жасауға негіз береді. Біздің жұмысымызда ЖИ құралдарының студенттердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға әсерін зерттеуге бағытталған әдіснамалық тәсіл осы енбектің қорытындыларымен үйлеседі.

Бастауыш мектеп оқушыларына жасанды интеллект сауаттылығын үйретудің маңыздылығы мен әдістемелік негіздерін Ирис Хен Юэн Им (Iris Heung Yue Yim, 2024: 14) мақаласында атап тапты. Жүргізілген зерттеудің басты тұжырымы – ЖИ сауаттылығының цифрлық, деректер және есептеу сауаттылықтарымен үйлесімділігі, сондай-ақ этика, технологиялық және әлеуметтік аспектілердің өзара байланысын қамтуы. Нәтижесінде, ЖИ сауаттылығын ерте жастан дамыту оқушылардың технологиялық сауаттылығын арттырып, қоғамдағы ЖИ-ге байланысты түсінігін жақсартуға мүмкіндік береді. Бұл білім беру саласының тұрақты дамуына үлес қосатын маңызды қадам ретінде сипатталады.

Утепбаева А.А зерттеу тобымен бірге (Утепбаева және т.б., 2023: 63). жасанды интеллект технологияларын білім беру саласына енгізу мәселесін қарастырған, атап айтқанда, сөйлеудегі ақауларды анықтауға арналған құралдар ретінде ЖИ қолдану мүмкіндіктерін зерттеді. Зерттеушілер ЖИ технологияларының білім беру жүйесіне интеграциялануының тиімділігін анықтап, оның әдістемелік тәсілдері мен оқыту процестерін жетілдірудегі әлеуетін айқындады.

Мамбеталиева А.К. және әріптестері (Мамбеталиева және т.б., 2022: 155) жасанды интеллекттің білім беру саласына енуі педагогикада түрлі көзқарастар тудырғанын атап өтеді. Бір топ зерттеуші ЖИ педагогтің орнын басады деп алаңдаса, басқалары оны оқытушының көмекшісі әрі оқу процесін жеңілдететін құрал ретінде бағалайды. Авторлар ЖИ-дің ақпаратты өңдеу, құжаттар әзірлеу, тестілеуді автоматтандыру және оқушыларға жекелей қолдау көрсету секілді артықшылықтарын көрсетеді. Сонымен қатар, BilimLand,

Daryn.Online, Opiq, Zoom платформаларының мүмкіндіктері мен шектеулеріне талдау жасай отырып, техникалық инфрақұрылым мен педагогтердің IT-құзыреттілігінің жеткіліксіздігі басты кедергі екенін көрсетеді. Жалпы, ЖИ-ді тиімді көмекші құрал ретінде қарастыру қажеттігі, сондай-ақ оны бастауыш білім беру жүйесіне енгізу үшін техникалық және кадрлық әлеуетті арттыру маңызды екені баса айтылған.

Жасанды интеллектті білім беруде қолдану жөніндегі библиометриялық және мазмұндық талдау негізіндегі зерттеулердің бірінде AIED (Artificial Intelligence in Education) саласындағы негізгі тұжырымдамалар айқындалды. Негізгі ұғымдар қатарында бейімделгіш және жекелендірілген оқыту, интеллектуалды жүйелер, чат-боттар мен білім беру роботтары бар. AIED қолданбалары төрт санатқа бөлінеді: бейімделгіш және жекелендірілген оқытуға арналған интеллектуалды және гипермедиалық жүйелер; оқытуды басқаруды қолдайтын LMS жүйелері; үлгерімді болжау және тәуекелдерді анықтайтын профильдеу әдістері; жаңа өнімдер ретінде чат-боттар мен білім беру роботтары. Зерттеулерде ең жиі қарастырылатын тақырып — AIED жүйелерін жобалау, сондай-ақ енгізу, қабылдау, әсері мен мәселелері де талдануда (Жайдақбаева және т.б., 2025: 281). Көбіне эксперименттік әдістер қолданылып, қосымша статистикалық, сауалнамалық, сипаттамалық, сапалы және аралас тәсілдер пайдаланылады. Ең жиі қолданылатын теориялар — конструктивизм, оқу стильдері және когнитивті оқыту теориялары. Авторлар мектепке дейінгі білім беруде AIED-ті кешенді зерттеуді күшейту, жаңа технологияларды енгізу, теориялық үлесті арттыру және салааралық ынтымақтастықты кеңейту қажеттігін атап өтеді.

Әрине, ЖИ-ді меңгеру орта мектептен бастап қолға алу аса маңызды. Информатика мұғалімдерінің жартысынан астамы виртуалды шынайылықты қолданса да, көбіне дайын өнімдермен шектеледі, себебі құрал-жабдықтардың жетіспеушілігі мен тәжірибенің аздығы кедергі болады. Жасанды интеллектке қатысты көзқарас та әртүрлі: бір бөлігі оның оқушылардың ойлау қабілеті мен қызығушылығын арттыратынын айтса, екіншілері технологияға тәуелділік пен шығармашылықтың әлсіреу қаупін атап өтеді (Садвакасова және т.б., 2025: 93). Авторлар мұғалімдердің біліктілігін арттыру курстары мен семинарларын ұйымдастырудың маңызын айтады, ал жаңа технологияларды тиімді енгізу педагогтердің кәсіби даярлығына тікелей байланысты.


Келесі зерттеуде жасанды интеллекттің даму үрдістері мен оны түрлі салаларда қолданудың әлеуметтік, этикалық және инновациялық қырлары қарастырылып, медицина, қаржы, білім беру және креативті индустриядағы мүмкіндіктері айқындалды. Осы орайда (Умбетова, 2025: 50) Қазақстандағы ұлттық бастамаларға, соның ішінде Жасанды интеллект ұлттық орталығы мен KazLLM тілдік моделіне назар аударған. Зерттеуде ЖИ-дің әлеуетімен бірге жұмыссыздық, тәуелділік және әділеттілік мәселелері сияқты ықтимал қауіптер де талданған.

Педагогикалық ЖОО студенттерінің жасанды интеллект саласындағы

сауаттылық деңгейін анықтауға бағытталған зерттеуде ғалымдар тобы (Абишева, 2025: 512) Павлодар педагогикалық университетінде сауалнама жүргізіп, оны қазақ және орыс тілдеріне бейімделген нұсқада қолданды. Сауалнама сұрақтары төрт негізгі блоктан тұрды: ЖИ туралы білім, ЖИ-ді қолдану, ЖИ-ді бағалау және ЖИ этикасы, сондай-ақ демографиялық сипаттағы сұрақтар қамтылды. Деректердің сенімділігі Кронбах альфасы (0,716) арқылы тексерілді. Нәтижелер студенттердің басым бөлігінде ЖИ бойынша білім деңгейі төмен екенін, ал информатика мамандықтарында сәл жоғары болғанымен, айырмашылық айтарлықтай еместігін көрсетті. Қорытындысында педагогикалық жоғары оқу орындарында ЖИ-грамоттылығын арттыру үшін арнайы «AI-STEM» курсы енгізу қажеттілігі негізделді.

Жоғарыда қарастырылған зерттеулерге сүйеніп, жасанды интеллект технологияларының білім беру сапасы мен білім алушылардың дайындық деңгейіне әсерін бағалау бойынша зерттеулерде бірнеше маңызды аспектілер зерттелмегенін көреміз. Ол біріншіден, ЖИ технологияларының білім алушылардың пәндер бойынша оқу нәтижелеріне қалай ықпал ететінін тереңірек талдау қажет. ЖИ құралдарының білім алушылардың танымдық қабілеттерін, шығармашылық ойлауын және проблемаларды шешу дағдыларын дамытудағы рөлі толық зерттелмеген. Сонымен қатар, ЖИ технологияларының білім беру процесіндегі теңсіздікті азайтуға немесе керісінше арттыруға әсерін бағалау қажет. Бұл технологиялардың барлық білім алушыларға қолжетімділігі және олардың оқудағы табыстылығына әсері бойынша қосымша зерттеулер жүргізу маңызды. Білім алушылардың дайындық деңгейіне ЖИ технологияларының әсерін бағалау үшін білім алушылардың дағдыларын өлшейтін нақты критерийлер мен бағалау әдістерін жасау қажет. ЖИ технологияларын қолданудың тиімділігі мен оның ұзақ мерзімді әсері туралы деректер аз, сондықтан бұл бағытта зерттеулердің кеңеюі білім беру жүйесінің сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысы барысында жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын қолдану арқылы жоғары оқу орнында болашақ информатика мұғалімдерін оқыту үдерісін ұйымдастырудың тиімділігі айқындалды. 1-суретте ЖИ технологияларын білім беру процесіне интеграциялау арқылы болашақ мұғалімдердің кәсіби дағдыларын қалыптастыру моделінің құрылымы ұсынылған.



Сурет-1. Жасанды интеллект технологияларын қолдану арқылы болашақ информатика мұғалімдерін оқыту моделінің құрылымы

Зерттеу әдісі. Зерттеу жұмысында мәліметтерді талдаудың жүйелік және салыстырмалы әдістері қолданылды. Мәліметтерді қорытындылауда индуктивті әдіс, сондай-ақ зерттелген педагогикалық құбылыстардың мәнін ашуға талдау және жинақтауды салыстыру әдісі пайдаланылды. Эксперименттік жұмыс пре-эксперименталды дизайн (Cohen, 2018) негізінде ұйымдастырылды, бұл әдіске сәйкес зерттеуге бақылау тобы қатыстырылған жоқ. Тәжірибе басында және соңында информатика пәнін оқытуда жасанды интеллект технологияларының білім беру процесіне әсерін анықтауға бағытталған сауалнама жүргізілді. Сауалнаманы даярлау барысында бағалау шкаласы (rating scale) бойынша жабық сұрақтар (close-ended questions) қолданылып, деректер онлайн түрде жинақталды.

Зерттеу орны мен қатысушылар. «Информатикадағы бағдарламалау, деректерді талдау, тест құрастыру және білім беру интеллектуалды жүйелерін әзірлеу» бағыттары бойынша эксперименттік зерттеу Орталық Азия Инновациялық университетінің Жаратылыстану-ғылыми факультеті, Математика, физика және информатика кафедрасында жасанды интеллект технологияларын қолдану арқылы жүргізілді. Экспериментке 6B01501 – «Информатика мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын 1-курс студенттерінен құралған 38 білім алушы қатысты.

Талқылау мен нәтижелер. Сауалнамаға жоғарыда аталған «Rating scale» шкаласы бойынша 1-ден 5-ке дейін бағалау үшін сұрақтар әзірленді. Эксперимент басталмас бұрын, студенттерге жасанды интеллект технологиялары және

оларды оқу процесінде қолдану мүмкіндіктері туралы қысқаша ақпарат берілді. Сонымен қатар, сауалнама сұрақтарының мазмұнын студенттердің дұрыс түсінуін қамтамасыз ету мақсатында пилоттық зерттеу жүргізіліп, сұрақтарға талдау жасалды. Сауалнаманың ішкі үйлесімділігі мен сенімділігі Кронбах альфа коэффициенті арқылы анықталды. Есептеу нәтижесінде Кронбах альфа мәні 0.965-ге тең болды, бұл сауалнама шкаласының жоғары сенімділік деңгейін көрсетеді. Экспериментке дейінгі және кейінгі сауалнамаға барлық 38 студент қатысты.

1-кестеде экспериментке дейінгі, ал 2-кестеде эксперименттен кейінгі сауалнама нәтижелері ұсынылған. Зерттеу нәтижелері бойынша студенттердің көпшілігі жасанды интеллект технологияларын информатика сабақтарында қолдану тиімді деп есептеген. Сондай-ақ, бастапқыда ЖИ құралдарын қолданудың маңыздылығына бейтарап немесе төмен баға берген студенттердің айтарлықтай бөлігі эксперимент соңында ЖИ-дің оқуға деген қызығушылық пен пәнді меңгеруге оң әсер еткенін жоғары бағалаған.

Кесте 1. Экспериментке дейінгі сауалнама нәтижелері

Сұрақтар	1(%)	2(%)	3(%)	4(%)	5(%)
1. Сіз (жасанды интеллект) ЖИ негізінде білім алуға қызығушылық танытасыз ба?	13,16%	23,68%	28,95%	15,79%	18,42%
2. Сіз ЖИ технологияларын білім алуда қолданасыз ба? [1–5 шкала]	7,89%	26,32%	34,21%	13,16%	21,05%
3. Жасанды интеллект технологияларын қаншалықты жиі пайдаланасыз? [1–5 шкала, 1 – өте сирек, 5 – өте жиі]	2,63%	36,84%	18,42%	10,53%	31,58%
4. Сіз ЖИ технологияларын қолдану білім беру үдерісін жақсартады деп санайсыз ба? [1–5 шкала]	-	18,42%	28,95%	15,79%	36,84%
5. ЖИ технологияларын меңгеруге қажетті құралдар мен ресурстарға қол жеткізу деңгейіңіз қандай? [1–5 шкала]	-	10,53%	18,42%	28,95%	42,11%
6. ЖИ-ді оқыту барысында қолдану сіздің болашақ кәсіби қызметіңізге қаншалықты пайдалы болады деп ойлайсыз?	-	7,89%	10,53%	23,68%	57,89%
7. ЖИ-ді пайдалану сіздің пәнді түсінуіңізге және қызығушылығыңызға қалай әсер етеді деп ойлайсыз? [1–5 шкала]	-	2,63%	7,89%	15,79%	73,68%

Сауалнама нәтижелері студенттердің жасанды интеллект (ЖИ) технологияларына деген қызығушылығы мен оны білім беру үдерісінде қолдануға деген оң көзқарасын көрсетті. Респонденттердің басым бөлігі ЖИ негізінде білім алуға қызығушылық танытатынын (47,37%) және бұл технологиялардың болашақ кәсіби қызметке пайдалы болатынын (57,89%) жоғары бағалаған. Сонымен қатар, ЖИ-ді қолдану пәнді түсінуге және оқу мотивациясына оң әсер етеді деп бағалағандар үлесі 73,68%-ды құрады.

Кесте 2. Эксперименттен кейінгі сауалнама нәтижелері

Сұрақтар	1(%)	2(%)	3(%)	4(%)	5(%)
1. Жасанды интеллект құралдарын қолдану тапсырмаларды орындау уақытыңызды үнемдеуге көмектесті ме?	-	-	5,26%	-	-
2. ЖИ құралдарын пайдалану арқылы тапсырмаларды орындау сіздің пәндік материалды түсіну деңгейіңізге оң әсер етті ме?	5,41%	2,63%	7,89%	2,63%	-
3. Практикалық тапсырмаларды орындау барысында ЖИ құралдарын қолдану сіздің жеке оқу дағдыңызға бейімделгенін байқадыңыз ба?	10,53%	7,89%	10,53%	15,79%	13,16%
4. Сіз болашақта бағдарламалау сабақтарында ЖИ құралдарын жүйелі түрде қолдануды қажет деп санайсыз ба?	31,58%	28,95%	26,32%	23,68%	21,05%
5. Эксперимент кезінде ұсынылған ЖИ құралдарын қолдану сіздің кәсіби құзыреттілігіңізді арттырды деп ойлайсыз ба?	52,63%	60,53%	50,0%	57,89%	65,79%

Эксперименттен кейінгі сауалнама нәтижелері жасанды интеллект (ЖИ) құралдарын қолдану студенттердің оқу процесіне оң көзқараспен қарайтынын көрсетті. Студенттердің 65,79%-ы ЖИ құралдарын қолдану олардың кәсіби құзыреттілігін арттырғанын, ал 57,89%-ы тапсырмаларды тиімді орындауға мүмкіндік бергенін атап өткен. Сонымен қатар, респонденттердің елеулі бөлігі (43,42%) ЖИ құралдарын жеке оқу дағдыларына бейімделетін тиімді құрал ретінде қабылдаған. ЖИ көмегімен пәндік материалды түсіну деңгейі де жоғары бағаланды, бұл оның оқыту сапасын арттыруға әсер еткенін дәлелдейді. Осы деректер ЖИ технологияларын информатика сабақтарында жүйелі түрде қолданудың қажеттілігін (жалпы 75%-дан астамы қолдайды) айқын көрсетіп отыр. Сауалнаманың ішкі біртұтастығы мен сенімділігі Кронбах $\alpha = 0.965$ мәнімен бағаланып, жоғары сенімділік деңгейін көрсетті.

Зерттеу барысында информатика педагогін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша қатысушылар екі топқа бөлінді: бір топ дәстүрлі оқыту әдісімен, екінші топ ЖИ технологияларын (GPT, Grok, GigaChat және т.б.) қолдана отырып оқытылды. Оқыту тәжірибесінен кейін екі топқа да қайта сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижелерінің сенімділігі мен ішкі біртұтастығы Альфа Кронбах коэффициенті арқылы тексерілді.


Кесте 3. Жасанды интеллект технологияларының рөліне жүргізілген педагогикалық тәжірибе негізінде SWOT талдау

Оң тұстары	Әлсіз тұстары
- Студенттердің жасанды интеллектке деген жоғары қызығушылығы – сауалнама нәтижелері студенттердің ЖИ технологияларын меңгеруге және пайдалануға деген мотивациясының жоғары екенін көрсетті; - ЖИ құралдары оқу процесін жекелендіруге мүмкіндік береді – тапсырмаларды орындау кезінде ЖИ әр студентке жеке бағытта ұсыныс бере алады, бұл білім сапасын арттырады;	- Кейбір студенттерде ЖИ құралдарын қолдану дағдылары әлсіз; - Техникалық құралдарға (интернет, құрылғы, платформа) қолжетімділік бірдей деңгейде емес;


- Оқу уақытының тиімділігі – студенттер ЖИ көмегімен тапсырмаларды тезірек орындап, уақытты үнемдеуге қол жеткізді; - Кәсіби құзыреттіліктің артуы – ЖИ құралдарын қолдану болашақ мұғалімдердің цифрлық сауаттылығын, алгоритмдік ойлауын және дербес жұмыс жасау дағдыларын дамытты; - ЖИ арқылы оқу материалын терең меңгеру – студенттер ЖИ көмегімен пәндік материалды жақсы түсінетінін атап өтті (сауалнамада 73,68% жоғары баға берген);	– Кей студенттерге ЖИ құралдарын өздігінен игеру қиындық тудырды.
Мүмкіндіктер	Қауіптер
– ЖИ технологияларын оқытуға жүйелі түрде енгізу арқылы болашақ мұғалімдердің цифрлық құзыреттілігін дамыту; – ЖИ негізіндегі тапсырмаларды оқытудың басқа салаларына бейімдеу; – Пәндік мазмұнды жекелеңдіріп ұсыну арқылы білім сапасын арттыру.	– ЖИ-ге тәуелділіктің артуы оқушылардың сыни ойлау дағдысын әлсіретуі мүмкін; – ЖИ құралдарына шектен тыс сенім педагогтың кәсіби рөлін төмендетуі ықтимал; – Құпия деректердің қауіпсіздігі мен этикалық мәселелерге қатысты тәуекелдер.

Студенттерден алынған жауаптар мазмұнды талдау арқылы жүйеленді. Бұл әдіс ЖИ технологияларының педагогикалық үдерістегі қолданылу тәжірибесін тереңірек түсінуге мүмкіндік берді және білім беру процесіне интеграциялану деңгейін бағалауға мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында студенттерге Visual Studio – C# ортасында калькулятор жасау тапсырмасы берілді, мұнда топтың бір бөлігі тапсырманы дәстүрлі форматта, ал екінші бөлігі жасанды интеллект (ЖИ) құралдарын, соның ішінде бірі ChatGPT-і пайдалана отырып орындады. Сонымен қатар, GigaChat көмегімен студенттерге пәндік тест сұрақтарын автоматты түрде құрастыру, шағын деректер жиынын талдау және визуализациялау, білім беру мақсатында қарапайым чат-бот құру, сондай-ақ бағдарламалық кодты ChatGPT, GROK оңтайландыру секілді қосымша практикалық тапсырмалар ұсынылды. Бұл жұмыстар студенттердің ЖИ құралдарымен жұмыс істеу дағдыларын дамытып, кәсіби құзыреттілігін арттыруға мүмкіндік берді. Әсіресе тест генераторы мен деректерді талдау тапсырмаларында ЖИ-дің уақыт үнемдеудегі, білім сапасын бақылаудағы және жеке оқу траекториясын қалыптастырудағы артықшылықтары айқын көрінді.



ЖИ көмегімен жасалған
калькулятор



Силлабус арқылы орындалған
тапсырма

Сурет-2 Жасанды интеллект пен дәстүрлі әдісті қолданған студенттердің тапсырма орындау уақыты мен нәтижесінің салыстырмалы үлгісі

Жүргізілген эксперимент нәтижелері жасанды интеллект технологияларын қолдану болашақ информатика мұғалімдерін даярлау үдерісінде оқыту тиімділігін арттыратынын көрсетті. Студенттер тапсырмаларды дәстүрлі әдіске карағанда әлдеқайда жылдам әрі сапалы орындап, қосымша шығармашылық элементтерді енгізе алды. Бұл ЖИ құралдарының білім алушылардың уақытын үнемдеп қана қоймай, олардың кәсіби құзыреттілігін, дербес жұмыс істеу және алгоритмдік ойлау дағдыларын дамытуда маңызды рөл атқаратынын дәлелдейді. Алайда алдағы уақытта зерттеу аясын кеңейтіп, ЖИ технологияларын қолданудың пәндік мазмұнды терең меңгеруге ұзақ мерзімді әсерін, сондай-ақ әртүрлі әлеуметтік және академиялық контекстегі тиімділігін салыстырмалы түрде талдау қажеттілігі туындайды.

Қорытынды. «Болашақ информатика мұғалімдерін даярлауда жасанды интеллектің білім берудегі рөлі» тақырыбындағы бұл зерттеудің басты мақсаты — жасанды интеллект (ЖИ) технологияларының білім беру процесіндегі маңызын анықтап, оларды оқу үдерісіне тиімді енгізудің әдістемелік негіздерін ұсыну болды. Жүргізілген сауалнама нәтижелері мен эксперименттік тапсырмалар негізінде алынған деректер ЖИ құралдарын оқытуда қолдану болашақ информатика мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін арттыруға, пәндік білімді терең меңгеруіне және жеке оқу қажеттіліктеріне сәйкес оқыту траекториясын қалыптастыруға мүмкіндік беретінін дәлелдеді.

Зерттеу барысында алынған нәтижелер ЖИ технологияларының студенттердің танымдық белсенділігі мен оқу мотивациясына оң әсер ететінін, сонымен қатар білім беру мазмұнын жекелеңдіру арқылы оқу сапасын арттыратынын көрсетті. Студенттердің ЖИ құралдарын қолдануға деген қызығушылығы мен олардың кәсіби қызметте бұл технологияларды тиімді пайдалану қажеттілігін мойындауы – зерттеу мақсатының өзектілігін растады. Сонымен қатар, ЖИ технологияларын қолдануға қатысты әдістемелік ұсыныстар мен практикалық тапсырмалар болашақ мұғалімдердің цифрлық сауаттылығын дамытуға, алгоритмдік ойлау қабілетін қалыптастыруға және

білім берудегі заманауи технологияларды тиімді пайдалануына жағдай жасайды. Дегенмен, жасанды интеллектіні болашақ информатика мұғалімдерін даярлау үдерісіне тиімді интеграциялау – заманауи білім беру жүйесінің сапасын арттыруға, мұғалімнің кәсіби рөлін нығайтуға және цифрлық трансформация талаптарына сай педагогикалық кадрлар даярлауға ықпал ететін маңызды бағыт болып табылады.

Әдебиеттер

- Платон (1986) Диалогтар. Серия «Философское наследие», Москва: Мысль. — Б. 605.
- Kun Yao, Hongchang Yang (2020). Research on the Integration of Artificial Intelligence and Education. *Education Reform and Development*, 2. — P. 56–59. <https://doi.org/10.26689/erd.v2i2.2062>
- Салгараева Г.И., Жұмабаева У.Б. (2020) Болашақ информатика мұғалімдерін жасанды интеллект негіздері бойынша даярлаудың әдістемелік жүйесі. Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. «Физика-математика ғылымдары» сериясы, (4)72. — Б. 250–254. <https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7901.39>
- Әбденбек Н., Нурбекова Ж. (2024) Мектеп информатикасында жасанды интеллект негіздерін оқытудың қажеттілігі. *Білім–Образование*, (1)108. — Б. 38–54. <https://doi.org/10.59941/2960-0642-2024-1-38-51>
- Беркимбаев К.М., Ниязова Г.Ж. (2022) Мұғалімдердің цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру. Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы. «Педагогика» сериясы, (1)64. — Б.30–43. <https://doi.org/10.48371/PEDS.2022.64.1.002>
- Қарауылбаев С., Жумабаева А., Муратова Г., Қалымбет А. (2020) Орта мектептегі онлайн оқытуға арналған интернет платформасында ауызша диалогты жасанды интеллект нейрожелісі негізінде құру. Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. «Педагогика-психология ғылымдары» сериясы, (4) 4. — Б.99–105. <https://doi.org/10.51889/2020-4.2077-6861.12>
- Амангельдиев А.А., Әбдібек А.Д. (2023) Жасанды интеллект мәселелері: философиялық талдау. Л.Гумилев атындағы ЕҰУ жаршысы. *Философия. Дінтану*, (3)144. — Б.167–177. <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2023-144-3-167-177>
- Давлетова А.Х., Оразова Н.Н., Асан Е.Т. (2024) Білім берудегі жасанды интеллекті қолданудың артықшылықтары мен кемшіліктері. *Вестник НАН РК*, (1). — Б.155–165. <https://doi.org/10.32014/2024.2518-1726.244>
- Iris Heung Yue Yim (2024) A critical review of teaching and learning artificial intelligence (AI) literacy: Developing an intelligence-based AI literacy framework for primary school education. *Computers and Education: Artificial Intelligence*, 2(414). — P.122–137. <https://doi.org/10.1016/j.caeai.2024.100319>
- Утепбаева А.А., Жиенбаева Н.Б., Наурызбаев Б.А. (2023) Жасанды интеллект ерекше қажеттілігі бар балалардың сөйлеу тілінің бұзылыстарын анықтауға арналған диагностикалық технология ретінде. Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. «Педагогика және психология» сериясы, 54(1). — Б. 63-71. <https://doi.org/10.51889/2077-6861.2023.1.30.007>
- Мамбеталиева А.К., Туралбаева А.Т. (2022). Болашақ бастауыш білім педагогтарының жасанды интеллект элементтерін қолдануының маңызы. *Вестник НАН РК*, (6). — Б.155–165. <https://doi.org/10.32014/2022.2518-1467.398>
- Жайдақбаева Л.Қ., Тынышбек Қ.Қ. (2025) БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ: ӘДБИЕТТЕРГЕ ШОЛУ. Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. *Физика-математика ғылымдары* сериясы. 90(2). — Б.281–289. <https://doi.org/10.51889/2959-5894.2025.90.2.025>
- Садвакасова А.К., Қыдырбекова А.И., Четин О. (2025) Орта мектепте информатика пәнін оқытуда виртуалды шынайылық пен жасанды интеллект ресурстарын қолдану жағдайы. *Білім – Образование*, 113(2). — Б. 93–103. <https://doi.org/10.59941/2960-0642-2025-2-93-103>
- Умбетова Д.О. (2025) Жасанды интеллект: әлеуметтік өзгерістер, этикалық мәселелер және инновациялық мүмкіндіктер. *Data Science*, 2(2). — Б. 74–82. <https://doi.org/10.48501/3007-6986.2025.15.74.008>

Абишева И.Ш. (2025) Педагогикалық ЖОО білім алушылары арасында жасанды интеллект сауаттылық деңгейін анықтау. Ясауи университетінің хабаршысы, 2 (136). — Б.510–517. <https://doi.org/10.47526/2025-2/2664-0686.228>

References

Platon. (1986) Dialogtar [Dialogues]. Seria «Filosofskoe nasledie», Moskva: Mysl. — P. 605. (in Kaz.)

Kun Yao, Hongchang Yang (2020). Research on the Integration of Artificial Intelligence and Education. Education Reform and Development, 2. — P.56–59. <https://doi.org/10.26689/erd.v2i2.2062> (in English)

Salgaraeva G.İ., Jumabaeva U.B. (2020) Bolashaq informatika mugalimderin jasandy intellekt negizderi boynsha daiarlaudyn adistemelik juiesi [Methodological system of training future informatics teachers on the basics of artificial intelligence]. Bulletin of Abai KazNPU. Series of Physical and Mathematical sciences, (4)72. — P.250–254. <https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7901.39> (in Kazakh)

Abdenbek N., Nurbekova J. (2024) Mektep informatikasynda jasandy intellekt negizderin oqytudyn qajettiligi [The need for teaching the fundamentals of artificial intelligence in school informatics]. Scientific and Pedagogical Journal «Bilim» of the Y. Altynsarin National Academy of Education, (1)108. — P.38–54. <https://doi.org/10.59941/2960-0642-2024-1-38-51> (in Kazakh)

Berkimbaev K.M., Niazova G.J. (2022) Mugalimderdin sifrllyq quzyrtetiligin qalyptastyru [Formation of digital competence of teachers]. Journal «Bulletin. Series: Pedagogical Sciences». (1)64. — P.30–43. <https://doi.org/10.48371/PEDS.2022.64.1.002> (in Kazakh)

Karaulybaev S., Jumabaeva A., Muratova G., Qalymbet A. (2020) Orta mekteptegi onlain oqytuga arналған internet platformasynda auyzsha dialogty jasandy intellekt neurojelisi negizinde quru [Implementation of an oral dialogue based on a neural network of artificial intelligence in the online platform in secondary school]. Abai journal of Pedagogy and Psychology, (4)4. — P.99–105. <https://doi.org/10.51889/2020-4.2077-6861.12> (in Kazakh)

Amangeldiev A.A., Abdibek A.D. (2023) Jasandy intellekt maseleleri: filosofialyq taldaу [Problems of Artificial Intelligence: Philosophical Analysis]. Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Historical Sciences. Philosophy. Religious Studies. (3)144. — P.167–177. <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2023-144-3-167-177> (in Kazakh)

Davletova A.H., Orazova N.N., Asan E.T. (2024) Bilim berudegi jasandy intellekti qoldanudyn artyqshylyqtary men kemshilikteri [Advantages and disadvantages of using artificial intelligence in education]. News of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. Physico-Mathematical Series, (1). — P.155–165. <https://doi.org/10.32014/2024.2518-1726.244> (in Kazakh)

Iris Heung Yue Yim (2024) A critical review of teaching and learning artificial intelligence (AI) literacy: Developing an intelligence-based AI literacy framework for primary school education. Computers and Education: Artificial Intelligence, 2(414). — P.122–137. <https://doi.org/10.1016/j.caeai.2024.100319> (in English)

Utepbaeva A.A., Jienbaeva N.B., Nauryzbaev B.A. (2023) Jasandy intellekt erekshe qajettiligi bar balalardyn soileu tilinin buzylystaryn anyqtauga arналған diagnostikalyq tehnologia retinde [Artificial intelligence as a diagnostic technology for detecting speech disorders in children with special needs]. Abai journal of Pedagogy and Psychology, 54(1). — P.63–71. <https://doi.org/10.51889/2077-6861.2023.1.30.007> (in Kazakh)

Mambetalieva A.K., Turalbaeva A.T. (2022) Bolashaq bastauysh bilim pedagogtarynyn jasandy intellekt elementterin qoldanuynyn manyzy [The importance of using artificial intelligence elements by future primary education teachers]. Scientific Journal «Bulletin of NAS RK», (6). — P.155–165. <https://doi.org/10.32014/2022.2518-1467.398> (in Kazakh)

Jaidaqbaeva L.Q., Tynysbek Q.Q. (2025) BILIM BERUDEGI JASANDY INTELLEKT: ADEBIETTERGE SHOLU [Artificial intelligence in education: systematic review of literature]. Bulletin of Abai KazNPU. Series of Physical and Mathematical sciences. 90(2). — P.281–289. <https://doi.org/10.51889/2959-5894.2025.90.2.025> (in Kazakh)

Sadvakasova A.K., Qydyrbekova A.İ., Chetin O. (2025) Orta mektepte informatika panin oqytuda virtualdy shynaiylyq pen jasandy intellekt resurstaryn qoldanu jagdaiy [The Using artificial intelligence and virtual reality resources to teach computer science in secondary schools]. Scientific and Pedagogical Journal «Bilim» of the Y. Altynsarin National Academy of Education, 113(2). — P. 93–103. <https://doi.org/10.59941/2960-0642-2025-2-93-103> (in Kazakh)

Umbetova D.O. (2025) Jasandy intellekt: aleumettik özgerister, etikalyq maseleler jane innovasialyq mümkindikter [Artificial intelligence: social changes, ethical issues, and]. Data Science, 2(2). — P.74–82. <https://doi.org/10.48501/3007-6986.2025.15.74.008> (in Kazakh)

Abishheva I.Sh. (2025) Pedagogikalyq JOO bilim alushylary arasynda jasandy intellekt sauattylyq dengeiin anyqtau [Determining the Level of Literacy in the Field of Artificial Intelligence among Students of a Pedagogical University]. Bulletin of Yassawi University, 2(136). — P.510–517. <https://doi.org/10.47526/2025-2/2664-0686.228> (in Russian)

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the «Central Asian Academic Research Center» LLP (Almaty)

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the work described has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the originality detection service Cross Check <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

[www: nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz)

ISSN 2518–1467 (Online),

ISSN 1991–3494 (Print)

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en>

Директор отдела издания научных журналов НАН РК *А. Ботанқызы*

Редакторы: *Д.С. Аленов, Ж.Ш. Әден*

Верстка на компьютере *Г.Д. Жадыранова*

Подписано в печать 25.08.2025.

Формат 60x881/8. Бумага офсетная. Печать - ризограф.

37,0 п.л. Тираж 300. Заказ 4.